

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т. II, Ч 1 - Б.63-64

## М.ӘУЕЗОВТЫҢ «ҚИЛЫ ЗАМАН» ПОВЕСТІНДЕГІ «УАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ

*Жанабергенова А.*

Мұхтар Әуезовтың әдеби мұраларының қай-қайсысын алсақ та қазақ әдебиеті тарихындағы айрықша орнымен ерекшеленетін өнегелі туындылар. Сондай тарихи классикалық туындыларының бірі – «Қилы заман». Қаламгер «Қилы заман» повестін тарихи оқиғаға арнағандықтан да шығарманың өн бойында уақытқа қатысты сөздер мен сөз тіркестері молынан ұшырасады. Бұл *секунд, минут, сағат* сияқты сағаттық өлшем бірліктерден бастап, жыл мезгілдерінің атаулары, күн тәулігінің атаулары. Уақытқа қатысты атаулардың кейбіреулері туындыда жиі кездессе, кейбірі бір-екі жерде ғана кездеседі. М.Әуезовтың «Қилы заман» шығармасының уақыттық құрылым, яғни «уақыт» концептісі көркем уақытты жүзеге асыру негізінде қалыптасады. Қаламгер іс-әрекеттің орындалу уақытын бірде жобамен болжай айтса, енді бірде нақты атап көрсетеді дедік. Мәселен, *дал осы секундте, осы уақытта; бір секунд, бір секунд болса да; қазіргі минутында; екі минуттай уақыт өтті; минут сайын; жарты сағаттың ішінде; бір жұма бұрын; мезгіл августың басы;* т.с.с. тіркестер істің орындалуының нақты уақытты білдірсе, *ерте уақыттан; жемісін ора алмай қалатын да уақыт болады; қолғабыс септік тигізетін уақыт келді; бірталай уақыт; соңғы уақытта* деген тіркестерде істің нақты қай уақытта болатыны емес, орындалу уақыты болжаммен айтылған.

«Қилы заманда» суреттелетін уақыт қазақ үшін екіге жарылған кез болатын. Ол оның өткен өмірі мен бүгінгі және бүгінгі мен ертеңі. Сол себептен туындыда *бүгінгі күн мен кешегі түн, ежелгі дағды, бұрынғының бәрі* сияқты осы екі кезеңді салыстыру бар. Мәселен, *Өткен күні бүгін мұндай апат келді деп ойлап па еді?* деген сөйлемде өткен күн мен бүгінгі күн арасын саламақтау айқын аңғарылады.

Жазушы уақытпен әдемі, әрі ұтқыр ойнайды. Уақытты бірде үзік-үзік, енді бірде үздіксіз бейнелейді (тіпті кейде өзінің және оқырманының назарын ең құнды сәт ретінде бір ғана сәтке аудартады), бірінен кейін бірі ретімен жүріп жатқан уақыты көрсетсе, енді бірде ретсіз, яғни ретроспективті – өткенге қайта оралтады, енді бірде перспективті – алға жүгіріп кетеді. Мәселен, *заман сенікі, сөз сенікі бастап апарып тізіп бер, енді мына бүгінгі күн, кер заман, мол дәулеттің ақтарылатын күні міне енді туды, қазіргі өмірі, бүгінгі шақыртуы, кеше-бүгін, бұл не күн болды, өткен дәуірінің бір*

*ауыр қайғысы, көз алдынан өткеніне 15-20 жыл болса да* деген тіркесімдерді қолдану арқылы өткен мен бүгінгі күннің арасалмағын анықтайды. Ол енді бірде уақыттың кешегісі, бүгінгі мен ертеңінің астарластығын, өткен уақытпен қазіргі уақыттың арасында жалғастық барын, уақыттың созылыңқылығын, уақыттың алға қарай жылжитынын, бір орында тұрып қалмайтынын, бұл өмірде бәрі де өтпелі екендігін көрсету үшін қолданады.

Ал енді талдауға алынып отырған «Қилы заман» шығармасындағы уақытқа пен кеңістікті біз концепті деп алатын болсақ, оның бірнеше субконцептілері бар. Оны төменде кесте арқылы беруді жөн көрдік:

| <b>«Кеңістік»<br/>концептісінің<br/>субконцептілері</b> | <b>«Уақыт» концептісінің субконцептілері</b>                 |
|---|--|
| «ел»  | секунд//минут//сағат   |
| «жәрмеңке»  | таңертең//түс//кеш//түн                                      |
| «абакты»  | күн: бүгін//бүгінгі күн; кеше// кешегі күн                   |
| қазақ ауылы   | ай//жыл//заман//дәуір  |
| қазақ даласы  | жыл мезгілі: жаз// қыс                                       |
| өз пәтері   | ұлы сәске кезі// екінді кезінде//                            |
| Ақжелке кеңсесі   | уақыт аралығы: екінді мен ақшам                              |
| өлке//жота  | арасында<br>сүт пісірімдей уақыт, таңертеңнен кешке<br>шейін |

Жалпы уақыт категориясы өтпелі, қайтымсыз, баяу болсын, тез болсын, үнемі жылжып отырады, бір қалыпта тұрмайды, оған өтпелілік тән. Ол өткен шақтан келер шаққа қарай бір ғана бағытта өтеді. Олай болса, оның өлшемі – біреу және оның бұрын өткен бөлігі қайтып келмейді. Жазушы оқырманына осыны жеткізе алған

### **Әдебиеттер тізімі**

5.Rezuanova G. K., Tuksaitova, Albekova, Muratbekova, Omarova.  
Management of students philologists professional competence formation//  
International Journal of Academic Research Part B; 2014; 6(6), 541-536. DOI:  
10.7813/2075-4124.2014/6-6/B.79

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Резуанова Ғ.Қ.*